

Балалар қуанышы мен жазғы демалыстың бастауы

Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында оқу жылының аяқталуына және жазғы демалыстың басталуына орай «Сабантой – 2025» атты мерекелік шара өтті.



ШҚО облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы

Жаз мезгілі – балалар үшін қуаныш пен шаттыққа толы уақыт. Ал кітапхана қызметкерлері ұйымдастырған «Сабантой – 2025» мерекесі бұл көңілді кезеңді ерекше әсерлі сәттермен толықтырды. Шара аясында балалар түрлі байқаулар

арнап» үйірмесінің жас суретшілері «Көңілді жаз» тақырыбында сурет салып, өз қиялдарын қағаз бетіне түсірді. Сондай-ақ, балалар әндеріне арналған караоке ұйымдастырылып, «Менің атым Қожа» көркем фильмі ашық аспан астында көрсетілді. Бұған қоса қатысушылар «Робинзон аралында» шытырман ойынын ойнады. Көрермендерге кітапты оқуға кеңес берілді. Балалардың белсенділігі мен қуанышты жүздерін көріп, шараның сәтті өткенін байқауға болады, – дейді ШҚО балалар және жасөспірімдер кітапханасы коммуникация орталығының жетекшісі Эльмира Шағыраева.

Мереке аясында балаларға арналған тақырыптық көрмелер, викториналар мен әдеби сағаттар өтті. Сонымен қатар, кітапхана қызметкерлері балалардың жазғы демалысына арнап «Оқысаң – өкінбейсің» атты кітаптар мен мерзімді басылымдар көрмесін ұсынды. Бұл көрмеге фантастика, саяхат, шытырман оқиғалар мен танымдық әдебиеттер енгізілді.

«Сабантой – 2025» мерекесі – тек ойын-сауық қана емес, сонымен қатар жас оқырмандардың білімге құштарлығын арттырған тәрбиелік мәні зор іс-шара болды. Бүгінде облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы – жастардың сүйікті орнына, тағылымды шаралар орталығына айналып отыр.

Облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында жас оқырмандарға арнап ұйымдастырылатын жазғы бағдарлама, соның ішінде қызықты кездесулер мен шығармашылық жобалар легі ары қарай жалғасады.

Мамандар балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға баулу – олардың танымдық қабілеттерін, шығармашылық ойлауын және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуда маңызды рөл атқаратын алға тартады. Яғни, жауапты сала өкілдерінің айтуынша, қазіргі заманда ақпараттық технологиялар дамығанымен, кітаптың тәрбиелік мәні мен жасөспірімдердің таным көкжиегін кеңейтудегі рөлі ерекше екен.

Аяулы Арман